

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік  
нормативтер  
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК  
ҚҰЖАТТАР**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства  
и строительства  
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И  
СМЕТАМ**

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
46-шығарылым**

---

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
Выпуск 46**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан  
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана, 2025**



**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК  
ҚҰЖАТТАР**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и  
строительства  
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
46-шығарылым**

---

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
Выпуск 46**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан  
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана, 2025**



## **АЛҒЫ СӨЗ**

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитеті  
2025 жылғы 4 қарашадағы № 143-нқ бұйрығымен  
2025 жылғы 1 желтоқсаннан бастап

## **ПРЕДИСЛОВИЕ**

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 4 ноября 2025 года № 143-нқ  
с 1 декабря 2025 года

Осы мемлекеттік нормативті ресми басылым ретінде қайта шығаруға (толық немесе ішінара), көбейтіп таратуға және таратуға сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті орган ведомствосының рұқсатымен жол беріледі.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.



## Мазмұны

<b>ӨЗГЕРІСТЕР .....</b>	<b>1</b>
ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 «Қазақстан Республикасындағы құрылыстың сметалық құны айқындау тәртібі» .....	1
<b>ТОЛЫҚТЫРУЛАР .....</b>	<b>10</b>
ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 «Қазақстан Республикасындағы құрылыстың сметалық құны айқындау тәртібі» .....	10

## Содержание

<b>ИЗМЕНЕНИЯ.....</b>	<b>15</b>
НДЦС РК 8.01-08-2022 «Порядок определения сметной стоимости строительства в Республике Казахстан» .....	15
<b>ДОПОЛНЕНИЯ .....</b>	<b>23</b>
НДЦС РК 8.01-08-2022 «Порядок определения сметной стоимости строительства в Республике Казахстан» .....	23



**БЕЛГІ ҮШІН**

**ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР  
ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ**

**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
46-ШЫҒАРЫЛЫМ**

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
ВЫПУСК 46**

---

Енгізу күні 2025-12-01

**ӨЗГЕРІСТЕР**

**ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫҢ  
АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

1 Бөлім «Терминдер мен анықтамалар». Бірінші абзацты жаңа редакцияда жазылсын:

«Осы тәртіпте қосымша В-ның В.2 кестесінде көрсетілген терминдер, сондай-ақ төменде берілген терминдер тиісті анықтамаларымен бірге қолданылады».

2 3.8-тармағы жойылсын.

3 3.24-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«3.24 **Бағалар туралы ақпарат:** Анықтамалық басылымдар (нарық конъюнктурасын зерттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым шығаратын прейскуранттар, анықтамалықтар), жеткізушілердің коммерциялық, техникалық-коммерциялық ұсыныстары (прайс-парақтары).

Ескерту – Құрылыс ресурстарының, жұмыстар мен қызметтердің ағымдағы бағаларын сметалық құжаттама жасалатын баға деңгейіне келтіру құрылысқа арналған құн индекстерін ағымдағы бағаларға қолдану арқылы жүзеге асырылады.».

4 4.1- тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген алдын ала жоба (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша құрылысқа арналған сметалық құн инвестициялық жобаны іске асырудың тиісті кезеңінде тапсырыс берушінің (инвестордың) жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарын, оның ішінде құрылыс нысандарын жабдықтармен жарақтандыруды, инжинирингтік қызметтерді қаржыландыруға арналған қаражат лимитін айқындауға негіз болып табылады.

Технико-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін, дайын құрылыс өнімін жасау бойынша (жобалау – құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, оның ішінде құрылыс нысандарын жабдықтармен жарақтандыру – объектіні пайдалануға беру) біртұтас үздіксіз кешенді процесс ретінде жүзеге асырылатын жобалар бойынша, сондай-ақ «кілтпен тапсыру» тәсілімен жүзеге асырылатын құрылыс кезінде, конкурс рәсімдерін өткізуге және



құрылысқа шарттар жасасуға арналған тапсырыс берушінің (инвестордың) қаражат лимитін айқындауға негіз болып табылатын құрылыс құны – кешенді ведомстводан тыс сараптама нәтижелері бойынша тапсырыс беруші бекіткен есептік құрылыс құны болып табылады.».

5 4.4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4.4 Жобалық құжаттаманы әзірлеу және жобаларды одан әрі іске асыру жөнінде шешімдер қабылдау үшін қажетті бастапқы деректер мен материалдардың толықтығына байланысты, инвестициялық жобаны іске асырудың тиісті кезеңінде сметалық құжаттаманы құрастыру кезінде қолданыстағы сметалық нормативтік базадағы ғимараттар, құрылыстар, жобалық-технологиялық блоктар, шығын элементтері бойынша құндық және ресурстық көрсеткіштер, ұқсас объектілер және (немесе) бағалар туралы ақпарат пайдаланылады.».

6 5.6-тармақ. Ескертпені жаңа редакцияда жазылсын:

«Ескерту – Сметалық нормалар, бағалар, құн көрсеткіштері, сондай-ақ олардың құрамындағы ресурстардың шығындарының нормативтік көрсеткіштері жұмыстарды өндіруге материалдар, бұйымдар мен құрылымдарды есептен шығару үшін, құрылыс жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу үшін, сондай-ақ құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға және өзге де мердігерлік жұмыстар бойынша есеп айырысу үшін негіз болып табылмайды.».

7 5.9-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

8 5.11-тармақта «анықтау кезінде нормативтік негіз ретінде пайдаланылады» сөзі «есептеуге негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

9 5.12-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

10 5.14-тармақта «нормативтік база болып табылады» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

11 5.15-тармақта «нормативтік база болып табылады» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

12 5.16-тармақта «нормативтік база болып табылады» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

13 5.17-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

14 5.19-тармақ. Екінші және үшінші сөйлемдерді жаңа редакцияда жазылсын:

«Құрылыстың негізгі (жалпы) объектісінің қуат көрсеткішінің өлшем бірлігіне әзірленеді. Шекті құн нормативтері технико-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін өндірістік емес мақсаттағы объектілердің құрылыс құнын бақылау үшін арналған.».

15 5.20-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

16 5.21.1-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

17 5.21.2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«5.21.2 Сметалық пайда құрылыс өнімінің құнының кепілді бөлігі болып табылады. Сметалық пайда нормасы сметалық құжаттамада мердігерлік ұйымдарды дамытуға, олардың қызметкерлерін қосымша материалдық ынталандыруға, мердігерлік ұйымдардың алдағы шығындарын жабуға қажетті айналым қаражатын толықтырумен байланысты шығындарды, сондай-ақ мердігерлік шарттарды орындау шеңберінде мердігерлік қызметке байланысты өзге де шығындарды (оның ішінде пайда есебінен жүзеге асырылатын



салықтар мен төлемдерді төлеуге арналған шығындарды), құрылыс өнімінің өзіндік құнына жатқызылмайтын шығындарды есепке алу үшін негіз болып табылады.

8.2.65-тармақта белгіленген сметалық пайда нормасына құрылыс, арнаулы құрылыс, жөндеу-құрылыс, монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарында тікелей жұмыс істейтін жұмысшыларды, сондай-ақ құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануды қосымша материалдық ынталандыруға арналған қаражаттар кірмейді.».

18 5.21.3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«5.21.3 Күтпеген жұмыстар мен шығындарға арналған қаражат алдын ала жоба, жобалау-сметалық құжаттамада жобалық-сметалық (оның ішінде жұмыс) құжаттаманы әзірлеу процесінде немесе құрылыс барысында жобалық шешімдерді немесе құрылыс жағдайларын нақтылау нәтижесінде қажеттілігі туындайтын, бекітілген жобада (жұмыс жобасында) көзделген объектілер (жұмыс түрлері) бойынша жұмыстар мен шығындардың құнын есепке алу үшін арналған.».

19 5.22-тармақта «арналған» сөзі «негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

20 5.23-тармақта «сметалық ... анықтауға арналған» сөзі «сметалық құжаттамада есепке алуға негіз болып табылады» сөздеріне ауыстырылсын.

21 5.24-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«5.24 Құрылысқа арналған инженерлік ізденістерге бағалар сметалық құжаттамада инженерлік-геодезиялық ізденістерге, инженерлік-геологиялық ізденістерге, өзендердегі инженерлік-гидрометеорологиялық ізденістерге, инженерлік-гидрографиялық жұмыстарға, өлшеу жұмыстарына және ғимараттар мен имараттарды зерттеуге арналған шығындарды есепке алуға негіз болып табылады.».

22 6.4-тармақта «қолданыстағы жинақтар» сөзі жойылсын.

23 6.5-тармақ. Ескертудің 1-тармағында «Құрылысқа арналған сметалық құнды қалыптастыру кезінде енгізілген сметалық бағалар пайдаланылады» сөзі «Сметалық құжаттама сметалық бағалар деңгейінде, олар бекітілген және енгізілген деңгейде құрастырылады» сөздеріне ауыстырылсын.

24 7.2.6-тармақ. Екінші абзацтың бірінші сөйлемін жойылсын. Екінші абзацтың екінші сөйлемін жаңа редакцияда жазылсын:

««Жұмыс құжаттамасы» сатысындағы жұмыс сызбаларында айқындалған жұмыстар көлемі бойынша жасалған жекелеген ғимараттар мен имараттарды салуға арналған объектілік сметалар жұмыс құжаттамасының құрамында тапсырыс берушімен бекітіледі.».

25 7.2.10.1-тармақ. Бірінші абзацты жаңа редакцияда жазылсын:

«7.2.10.1 Объектілерді немесе олардың кезектерін салуға арналған құрылыс құнының жиынтық сметалық есебі сметалық бағалар деңгейінде объектілік сметалық есептер, объектілік сметалар, жергілікті сметалар, жергілікті сметалық есептер, жекелеген жұмыс түрлері мен шығындарға арналған сметалық есептер негізінде 1-нысан бойынша құрастырылады.».

26 7.2.11-тармақта «қолданыстағы сметалық-нормативтік база» сөзі жойылсын.

27 7.2.19-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«7.2.19 Шығындар калькуляциясы (ЗП нысаны) құрылысқа арналған жобалау (ізденіс) жұмыстарының сметалық бағаларында есепке алынбаған жекелеген жұмыс түрлеріне жасалады.».



28 7.4.1-тармақ. Екінші абзацты жойылсын. Үшінші абзацты жаңа редакцияда жазылсын:

«құндық көрсеткіштер бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді;».

29 8.2.2-тармақ. Төртінші абзацта «түрлері» сөзі «нысандары» сөздеріне ауыстырылсын.

30 8.2.3-тармақ. Бірінші, екінші және үшінші абзацтарды жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.3 Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) (4-нысан) әрбір жұмыс түрі келесі көрсеткіштер арқылы беріледі:

технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен имараттардың конструктивтік элементтері) және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) ірілендірілген сметалық құн көрсеткіштері, бірлік сметалық бағалар, элементтік сметалық нормалар атауларына сәйкес жекелеген жұмыс түрлерінің сметалық құны;

технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен имараттардың конструктивтік элементтері) және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) ірілендірілген сметалық құн көрсеткіштерімен, бірлік сметалық бағалармен, элементтік сметалық нормалармен есепке алынбаған материалдық ресурстардың сметалық құны;».

31 8.2.7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.7 Жұмыстардың, ресурстардың атаулары, олардың шифрлері (кодтары), өлшем бірліктері сметалық нормативтер жинақтарындағы ұқсас позициялармен өзгеріссіз келтіріледі.

Сметалық нормативтерді қолдану тәртібімен көзделген жағдайларда нормативтік көрсеткіштер нақтыланған кезде сметалық нормативтің тиісті ережесіне сілтеме 2-бағанда көрсетіледі, ал нақтыланған мәтін 3-бағанда қосымша түрінде келтіріледі.

Ескерту – Жергілікті смета (жергілікті сметалық есеп) құрастырылған кезде 2-бағанда сметалық нормативтің позициясының шифрінен (ресурс коды) басқа нормативтер жинағының шифры көрсетіледі. Сметалық құжаттамада конструктивтік элементтер мен жұмыс түрлерінің бағалары туралы ақпарат пайдаланылған жағдайда 2-бағанда позиция шифрінен басқа анықтамалық басылымның шифры көрсетіледі. Құрылыс ресурстарының бағалары туралы ақпарат пайдаланылған жағдайда ресурс кодынан басқа 2-бағанда сметалық-нормативтік базаға кірмейтін сметалық бағалардың тапсырыс беруші бекіткен тізбесіндегі құрылыс ресурсының (позициясының) реттік нөмірі көрсетіледі.».

32 8.2.11-тармақта «сол ауданның, онда» және «белгіленген тәртіппен бекітілген жинақтар» сөзі тиісінше «әкімшілік-аумақтық бірліктің, онда» және «жинақтар» сөздеріне ауыстырылсын.

33 8.2.13-тармақта «нормалар, бірлік сметалық бағалар» сөзі «нормативтер» сөздеріне ауыстырылсын.

34 8.2.14-тармақта «құрылыстың жүргізілу аймағына белгіленген бағалар бойынша, жабдыққа – Қазақстан Республикасы бойынша жалпы (яғни, құрылыс аймағын ескермей)» сөзі «құрылыс жоспарланған әкімшілік-аумақтық бірлікке арналған бағалар бойынша» сөздеріне ауыстырылсын.

35 8.2.29-тармақта «, сондай-ақ сметалық нормативтер жинақтарының техникалық бөліктерімен» сөзі жойылсын.

36 8.2.30-тармақта «ең төмен баға бойынша» сөзі жойылсын.



37 8.2.35-тармақта «жинақтарда» сөзі «тиісті кезеңдегі сметалық бағалар жинақтарында» сөздеріне ауыстырылсын. «ең төмен баға бойынша» сөзі жойылсын.

38 8.2.36-тармақта жетінші абзацты жойылсын.

39 8.2.42-тармақта «жинау, және» сөзі «жинау және» сөздеріне ауыстырылсын.

40 8.2.44-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.44 Құрылыс ресурстары, жұмыстар және қызметтер бойынша бағалар туралы ақпарат».

41 8.2.44.1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.44.1 Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары, жабдықтары, жиһаз және инвентарь бойынша бағалар туралы ақпарат коммерциялық, техникалық-коммерциялық ұсыныстар (прайс-парақтар) түрінде жеткізушілермен ағымдағы бағаларда ұсынылады. Материалдық ресурстарға, жабдықтарға, жиһаз және инвентарьға бағалар туралы ақпаратта ИНКОТЕРМС терминдеріне сәйкес жеткізу шарттары (франко түрі) көрсетіледі. Егер мұндай шарттар көрсетілмесе, онда баға аталған материалдық ресурстарды, жабдықтарды, жиһаз және инвентарьды құрылыс объектісіне дейін жеткізумен толық есептелген деп қабылданады. Бұл жағдайда көліктік шығындар 8.2.32 және 8.2.38-тармақтарға сәйкес қосымша есепке алынбайды.

Құрылыс ресурстары, жұмыстар және қызметтер бойынша сметалық бағалар туралы ақпарат анықтамалық басылымдар (прейскуранттар, анықтамалықтар) түрінде сметалық бағаларды, құрылысқа арналған жүктерді тасымалдаудың сметалық бағаларын, сметалық құнның ірілендірілген көрсеткіштерін есептеу талаптарын белгілейтін баға қалыптастыру және сметалар жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс».

42 8.2.46-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.46 Сметалық-нормативтік базаға енгізілмеген сметалық бағалардың тізбесі».

43 8.2.46.1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.46.1 Бағалар туралы ақпаратты пайдалану арқылы айқындалған құрылыс ресурстарының сметалық бағалары тапсырыс берушімен бекіту үшін тізбеге енгізіледі.».

44 8.2.46.2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.46.2 Тізбеде келесілер көрсетіледі:

құрылыс ресурсының тізбе бойынша реттік нөмірі,

ведостволық (салалық) құрылыс ресурстары номенклатурасына сәйкес ресурс коды немесе анықтамалық басылымдағы позицияның шифрі,

ресурс атауы,

өлшем бірлігі,

өлшем бірлігі үшін сметалық баға (қосылған құн салығын есепке алмай),

баға туралы ақпарат көздері жөніндегі мәліметтер (коммерциялық, техникалық-коммерциялық ұсыныс (прайс-парақ) үшін күні, жеткізушінің атауы және оның салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, және анықтамалық басылымының шифрі (ҰАА ID)),

сметалық бағаны есептеу (қажет болған жағдайда).

Ескертулер

1 Ұлттық анықтамалық ақпарат (ҰАА) классификаторларды, каталогтарды, анықтамалықтарды, номенклатураларды және басқа да техникалық-экономикалық ақпаратты қамтиды. ҰАА ID — оны басқалардан ажыратуға мүмкіндік беретін ҰАА-ның бірегей белгісі, яғни ҰАА-ді сәйкестендіретін идентификатор.



2 Тапсырыс беруші баға туралы ақпарат көзін 4.2-тармағын талаптарын сақтай отырып таңдайды.

3 Құрылыс ресурсының сметалық бағасы сметалық нормативтердің ережелеріне сәйкес есептеу арқылы айқындалады.».

45 8.2.47-тармақта «бағалар бойынша (сметалық бағалар деңгейінде)» сөзі «сметалық құжаттама жасалған баға деңгейінде, босату бағалары бойынша» сөздеріне ауыстырылсын.

46 8.2.59-тармағын екінші бөлігін жаңа редакцияда жазылсын:

«Құрылыс құнын жылдар бойынша бөлу 1÷8 тараулар бойынша қорытындыдан (4÷7 графалар) сметалық пайда мен II бөлімнің жиынтық сметалық есебіндегі күтпеген жұмыстар мен шығындарды ескере отырып келесі тәртіппен жүргізіледі:

сметалық бағалар деңгейіндегі қорытынды көрсетіледі;

күн жылдар бойынша (оның ішінде тиісті жыл(дар)ға) сметалық бағалар деңгейінде бөлінеді;

құрылыс жылдары бойынша болжамды құн есебі жасалады;

жылдар бойынша бөлуді ескере отырып, болжамды құнның қорытындысы көрсетіледі;

әрі қарай жылдар бойынша бөлінген қорытындылар 8.2.57-тармақта баяндалған тәртіпке сәйкес есептеледі.».

47 8.2.60-тармақта «сметалық есеп» сөзі «жиынтық сметалық есеп» сөздеріне ауыстырылсын.

48 8.2.66.2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.2.66.2 Күтпеген жұмыстар мен шығындардың нормалары құрылыс объектісінің негізгі мақсаттарына байланысты қолданылады. Өнеркәсіп және экономика салаларының кәсіпорындары мен имараттары үшін, егер 2-бөлім «Құрылыстың негізгі объектілері» құрамына негізгі технологиялық функцияларды орындауға арналған бірнеше объектілерді салуға арналған қаражат енгізілсе, күтпеген жұмыстар мен шығындар нормасы жобаның атауында көрсетілген кәсіпорынның немесе имараттың мақсатына сәйкес қолданылады.».

49 8.4-бөлімнің тақырыбын жаңа редакцияда жазылсын:

**«8.4 Дайын құрылыс өнімін жасау бойынша біртұтас үздіксіз кешенді процесс (жобалау – құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, оның ішінде құрылыс нысандарын жабдықтармен жарақтандыру – объектіні пайдалануға беру) кезінде құрылысқа арналған сметалық құнды анықтаудың ерекшеліктері».**

50 8.4.1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.4.1 Осы бөлімнің ережелері дайын құрылыс өнімін жасау бойынша біртұтас үздіксіз кешенді процесс (жобалау – құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, оның ішінде құрылыс нысандарын жабдықтармен жарақтандыру – объектіні пайдалануға беру), сондай-ақ «кілтпен тапсыру» тәсілімен (бұдан әрі – құрылыс бойынша кешенді жұмыстар) жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар бойынша құрылысқа арналған сметалық құнды анықтау үшін арналған.».

51 8.4.2-тармағы жойылсын.

52 8.4.3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.4.3 Техничко-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін инвестициялық жобаларды іске асыру үшін құрылыс бойынша кешенді жұмыстарды орындауға конкурс



рәсімдерін жүргізуге тапсырыс берушінің (инвестордың) қаражат лимитін қалыптастыру мақсатында құрылыс құны есептік әдіспен айқындалады.

Тапсырысшы (құрылысшы) қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларының 9-1-тармағында және 10-тармағың 1) тармақшасында көзделген құрылыс жобалары бойынша құрылыс құнын есептеу кезінде жобаланатын объектінің қуат бірлігіне арналған инвестициялық құн көрсеткіші немесе құрылыс құнының есептік шекті көрсеткіші асып кетуге жол берілмейді.».

53 8.4.4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.4.4 Құрылыс құнын есептеу осы Тәртіпке сәйкес құрылыс құнының жиынтық сметалық есебіне енгізілуге жататын барлық шығын түрлері бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде: жобалау, құрылыс, инжинирингтік қызметтер және қосылған құн салығы.».

54 8.4.9-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.4.9 «Кілтпен тапсыру» тәсілімен құрылыс жүргізу кезінде құрылыс құнын есептеу төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:

1) табиғи монополия субъектісі ҚН ҚР 1.02-03-2022 «Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту және құрамы тәртібі» және жылу-, электр-, сумен жабдықтау және су бұру салаларындағы техникалық-технологиялық шешімдерге қойылатын нормативтік-техникалық талаптар, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы, құрылыс және объектілердегі жұмыстарды орындау саласындағы талаптар негізінде әзірлеген жобалау тапсырмасы;

2) жоба жөніндегі ақпарат, оған: жобаның толық атауы, жобаның мәні туралы сипаттама (жұмыс түрі, ауқымы, техникалық көлемі, негізгі компоненттері еркін түрде), жобаны іске асырудың жоспарланған күнтізбелік кезеңі (басталуы және аяқталуы), негізгі параметрлері (құрылыстардың қуаты, желілердің ұзындығы, қосылатын объектілер саны, жабдық түрі және т.б.), инженерлік жүйелерге, көлік инфрақұрылымына қосылу мүмкіндігі, объектіні пайдалану тарихы (пайдалануға беру күні, жаңғырту, реконструкция, техникалық тексеру), ағымдағы жағдайы, тозу деңгейі (бухгалтерлік және физикалық), жобаның құнына әсер ететін өзге техникалық сипаттамалар;

3) ғимараттар мен имараттардың беріктігі мен орнықтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық қорытынды және (немесе) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне техникалық аудит жүргізу бойынша қорытынды.».

55 8.4.10 және 8.4.11-тармақтар жойылсын.

56 8.4.12-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8.4.12 Жобалау сатысында құрылысқа арналған сметалық құн осы Тәртіпке сәйкес технологиялық аяқталған тораптардың (ғимараттар мен имараттардың конструктивтік элементтері) және жұмыс түрлерінің (кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштерін, жұмыс түрлері бойынша бірлік сметалық бағаларды, элементтік сметалық нормаларды және құрылыс ресурстарына сметалық бағаларды пайдалану арқылы айқындалады.

Жобаланатын объектінің құрылысқа арналған сметалық құны 6.5-тармаққа сәйкес сметалық бағалар деңгейінде қалыптастырылады.».

57 8.5.1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:



«8.5.1 Бекітілген техникo-экономикалық негіздемеге өзгерістер енгізу, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы түзету Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.».

58 9.17.2-тармақ. 3) тармақшасында «жобалық» сөзі «ізденіс» сөздеріне ауыстырылсын.

59 10.21-тармақ. «жеке жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құнына қолданылатын коэффициенттер, 10.1-кестеде келтірілген» сөзі «жеке жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құнына 10.1-кесте коэффициенттері» сөздеріне ауыстырылсын.

60 11-бөлімнің тақырыбын жаңа редакцияда жазылсын:

**«11 Құрылыстағы инжинирингтік қызметтердің сметалық құнын анықтау».**

61 11.12-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«11.12 Қазынашылық сүйемелдеу – құрылысқа байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде аванстауға бөлінген қаражаттарды мақсатты пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 110-бабына сәйкес қолма-қол ақшаның бақылау шоттары арқылы төлемдер жүргізу барысында ағымдағы бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет.

Қазынашылық сүйемелдеуге арналған қаражат құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің III бөлігінде «Жобаны басқару» жолы бойынша есепке алынады.

Қазынашылық сүйемелдеуге арналған шығындардың мөлшері (11.1a) формуласы бойынша айқындалады:

$$\text{Ш}_{\text{ҚС}} = \text{Қ}_{\text{құр.}} \times \text{ШН}_{\text{ТҚЖ}} \times 0,15 \times \text{А} \quad (11.1a)$$

мұнда  $\text{Ш}_{\text{ҚС}}$  – қазынашылық сүйемелдеуге арналған шығындар, мың теңге;

$\text{Қ}_{\text{құр.}}$  – құрылыс құны сметалық бағалар деңгейінде 6.5-тармаққа сәйкес құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің II бөлімі қорытындысы бойынша (7-бағана) (қосылған құн салығын есепке алмай), мың теңге;

$\text{ШН}_{\text{ТҚЖ}}$  – жоба бойынша техникалық қадағалау шығындарының нормасы, пайызбен. Жоба бойынша техникалық қадағалау шығындарының нормасы қосымша Б бойынша есептеледі;

А – аванстық (алдын ала) төлемнің мөлшері, құрылыс құнының пайызымен. Аванстық (алдын ала) төлемнің мөлшері Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес айқындалады. Егер аванстық (алдын ала) төлем жабдық құнынан көзделсе, аванстық (алдын ала) төлемнің (А) мөлшері құрылыс құнындағы жабдықтың үлесін ескере отырып айқындалады ( $\text{Қ}_{\text{құр.}}$ ).

Қазынашылық сүйемелдеуге арналған қаражат жобаны басқаруға арналған шығындар нормасында ескерілген және егер инвестициялық жоба бойынша жобаны басқару сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді көрсету қағидаларының 34 және 35-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылса, құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің III бөлігінде «Жобаны басқару» жолы бойынша қосымша есепке алынбайды.».

62 12.3-тармақ «қолданылады» сөзі «қолданылады» (көпше түрде) деп ауыстыру.



63 12.42-тармақ. «мердігерлік жұмыстар (шығындар, қызметтер)» сөзі «мердігерлік тәсілмен орындалатын жұмыстар» сөздеріне ауыстырылсын.

64 12.44-тармақ. «мердігерлік іске қосу-реттеу ұйымдарының жұмыстары» сөзі «мердігерлік жұмыстар» сөздеріне ауыстырылсын.

65 Г қосымшасы. 4-нысан кестелерінде «Норматив позициясының шифры, ресурс коды» және «Ресурс коды» сөзі «Негіздеме» сөздеріне ауыстырылсын.

66 Г қосымшасы. 7-нысан кестесінде «Ресурс коды» сөзі «Негіздеме» сөздеріне ауыстырылсын.

67 Д қосымшасын жойылсын.



## ТОЛЫҚТЫРУЛАР

ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

1 «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде. Бесінші абзацтан кейін келесі сөйлеммен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілердің құрылыс құнын анықтау қағидалары (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 96697 тіркелген).».

2 «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде. Оныншы абзацтан кейін келесі сөйлемдермен толықтырылсын:

«ҚР ҚН 1.02-04 «Құрылысқа арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу, келісу, бекіту және құрамы қағидалары».

ҚР ҚН 8.02-17 «Объектілерді пайдалануға енгізуге арналған жиынтық сметаны жасау тәртібі туралы нұсқаулық».

3 3.17-тармағы келесі сөйлеммен толықтырылсын:

«Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілердің құрылыс құнын анықтау қағидаларына сәйкес, тапсырыс берушінің (құрылысшының) функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 1-1-қосымшасы нысаны бойынша жасалады.».

4 3.17а-тармақпен толықтырылсын:

«3.17а **Объектілерді пайдалануға енгізуге арналған жиынтық смета:** Жаңадан салынатын, реконструкцияланатын, кеңейтілетін және техникалық қайта жарақтандырылатын объектілерді пайдалануға енгізуді қамтамасыз ететін іске қосу-реттеу жұмыстары мен жабдықтарды кешенді сынақтан өткізуге қажетті қаражаттың сметалық лимитін айқындайтын құжат. ҚР СН 8.02-17-2006 қосымшасының 1-нысаны бойынша жасалады.».

5 3.21-тармағы мына ескертпемен толықтырылсын:

«Ескерту – Жабдықты технологиялық немесе инженерлікке жатқызу жобаның тиісті бөлімдерінің жобалық шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.».

6 3.26-тармақпен толықтырылсын:

«3.26 **«Кілтпен тапсыру»** тәсілімен құрылыс: Объектіні салу және оны пайдалануға енгізу бойынша кешенді жұмыстар, оған жобалау, ізденіс, құрылыс-монтаж (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкция, күрделі жөндеу) және басқа жұмыстар, сондай-ақ аталған жұмыстарға байланысты тауарлар жеткізу және қызметтер көрсету кіреді, жобаларға кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу және техникалық қадағалау қызметтерін қоспағанда.».

7 4.2а-тармақпен толықтырылсын:

«4.2а Құрылысқа арналған сметалық құнды айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық тиісті шығыстардың толықтығы,



негізділігі және тиімділігі инвестор қаражатының ең аз көлемінде, соның ішінде құрылыс ресурстарының бағасы мен сапасының оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.».

8 5.3-тармағы келесі ескертпемен толықтырылсын:

«Ескерту – Баға қалыптастыру және сметалар жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және күшіне енгізу (күшін тоқтату, күшін жою) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.».

9 5.4-тармақ. Бірінші абзацта «құрылысқа арналған сметалық құн» деген сөздерден кейін «және іске қосу-реттеу жұмыстарының сметалық құны» деген сөздермен толықтырылсын.

10 7.3.1-тармағы келесі абзац және ескертпемен толықтырылсын:

«Сметалық құжаттама қағаз немесе электрондық құжат түрінде орындалады.

Ескерту – Қағаз құжат болып қағаз жеткізгіште орындалған жобалық құжат немесе электронды-есептеу машиналарының (ЭЕМ) шығарғыш құрылғыларында алынған, тиісті түрде куәландырылған және қағаз жеткізгішке шығарылған қатты көшірме табылады.

Электрондық құжат болып ақпарат электрондық-цифрлық түрде ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат табылады.

Түпнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық түрде толық қайталап көрсететін құжат электрондық көшірме болып табылады. Электрондық көшірме қағаз түпнұсқасын сканерлеу немесе электрондық түпнұсқаны түрлендіру арқылы кез келген түзетілуі мүмкін немесе түзетілуге келмейтін форматта жасалады.».

11 8.2.8-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Жұмыс көлемдерін санау аяқталған конструктивтік элементтер және жұмыс түрлері бойынша жүргізіледі. Жекелеген конструктивтік элементтер мен жұмыс түрлерінің көлемдерін санаудағы өлшем бірліктері сметалық нормативтерде қабылданған өлшем бірліктеріне дәл сәйкес қабылданады. Жұмыстардың немесе конструктивтік элементтердің (құрылымдардың) атауы сметалық құжаттарды жасау кезінде сметалық нормативтерді дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мақсатында толық және анық көрсетіледі.».

12 8.2.16-тармағы келесі ескертпемен толықтырылсын:

«Ескерту – Жергілікті сметаға арналған материалдық ресурстар мен жабдықтардың ведомостін (4-нысан) және материалдық ресурстар мен жабдықтардың жиынтық ведомостін (7-нысан) жасалған кезде 2-бағанада ресурс кодымен қатар нормативтер жинағының шифры көрсетіледі. Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және жабдықтарына бағалар туралы ақпарат пайдаланылған жағдайда 2-бағанада ресурс кодымен қатар сметалық-нормативтік базада жоқ сметалық бағалардың тізбесіне (қараңыз 8.2.46) сәйкес позиция нөмірі көрсетіледі.».

13 8.2.18-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Жергілікті сметалар (жергілікті сметалық есептер) қабылданған техникалық жобалық шешімдер бойынша жасалған кезде сметалық құнды анықтау әдістерін таңдауда басымдығы келесі шарттар бойынша айқындалады:

егер жұмыс сызбалары бойынша сметалар жасауға арналған технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері) және жұмыстардың (жұмыс кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері бар болса, онда осы ірілендірілген көрсеткіштер қабылданады;



егер технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері) және жұмыстардың (жұмыс кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері жоқ, бірақ типтік және қайталанып қолданылатын жеке жобаларға, объект-аналог жобасына сметалар бар болса, онда екікезендік жобалау кезінде «Жоба» сатысында 8.3-бөлімге сәйкес осы сметалар қабылданады. Қалған жағдайларда, егер жұмыс сызбалары бойынша сметалар жасауға арналған технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері) және жұмыстардың (жұмыс кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері жоқ болса, онда жұмыс түрлеріне арналған бірлік сметалық бағалар қабылданады;

егер жұмыс түрлеріне арналған бірлік сметалық бағалар жоқ болса, онда жұмыс түрлеріне ресурстар шығынының элементтік сметалық нормалары қабылданады.

Сметалық-нормативтік базада технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері) және жұмыстардың (жұмыс кешендерінің) сметалық құнының ірілендірілген көрсеткіштері, жұмыс түрлеріне арналған бірлік сметалық бағалар болмаған жағдайда, технологиялық жағынан аяқталған тораптардың (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері), жұмыстардың және жұмыс кешендерінің сметалық құнын анықтау үшін 8.44-тармаққа сәйкес бағалар туралы ақпарат қолданылуы мүмкін. Тапсырыс берушінің технологиялық жағынан аяқталған тораптар (ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтері), жұмыстар және жұмыс кешендері бойынша бағалар туралы ақпаратты пайдалану туралы бекітілген шешімдері жобалық ұйымға бастапқы деректер ретінде (жобалауға тапсырмада не жобалау барысында сметалық бөлімді әзірлеуді бастамай тұрып) беріледі және оны сметалық құжаттама жасау кезінде қолдануға негіз болып табылады.».

14 8.2.44.3-тармақпен толықтырылсын:

«8.2.44.3 Сметалық есептерде қолданылатын бағалар туралы ақпараттың сапасы мен шынайылығын тапсырыс беруші қамтамасыз етеді.

Бағалар туралы ақпараттың сапасы деп құрылыс ресурсы туралы деректердің жобалық шешімдерге сәйкес қолдануға жарамдылығы мен толықтығы түсініледі. Бағалар туралы ақпараттың сапасы онда құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары, жабдықтары, жиһаз және инвентарьдың жобалау талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін техникалық параметрлерінің, сапалық және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы болған жағдайда қамтамасыз етіледі.».

15 8.2.66.3-тармақ. Төртінші абзацтағы «ауыл шаруашылығы, көлік, байланыс,» деген сөздерден кейін «коммуналдық мақсаттағы, оның ішінде инженерлік желілер,» деген сөздермен толықтырылсын.

16 8.2.66.3-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«в) объектіні кейінгі пайдалануын тоқтату (кептіру, демонтаж) бойынша дербес жобаларға – 2 (екі) пайыз.».

17 8.2.66.4-тармақ. Төртінші абзацтағы «ауыл шаруашылығы, көлік, байланыс» деген сөздерден кейін «, коммуналдық мақсаттағы, оның ішінде инженерлік желілер» деген сөздермен толықтырылсын.

18 8.2.66.4-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«в) объектіні кейінгі пайдалануын тоқтату (кептіру, демонтаж) бойынша дербес жобаларға – 2 (екі) пайыз.».



19 8.4.5-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Алдын-ала жобалау сатысында инвестициялар көлемін күнтізбелік жылдар бойынша бөлу жобалау және құрылыс жұмыстарын орындаудың нормативтік ұзақтығына сәйкес, тапсырыс берушінің кешенді құрылыс жұмыстарының басталуы туралы мәліметтері негізінде орындалады.».

20 8.5.1a-тармақпен толықтырылсын:

«8.5.1a Бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге өзгерістер енгізілген кезде объектілердің құрылыс сметалық құны осы Тәртіптің ережелеріне сәйкес айқындалады.».

21 8.5.1б-тармақпен толықтырылсын:

«8.5.1б Бір жыл өткеннен кейін құрылыс ұйымын ұйымдастыру жобасында белгіленген жұмыстарды бастау жоспарланған күнінен бастап, құрылыс-монтаж жұмыстарына конкурстық рәсімдер жүргізілмеген және қаржыландыру көзделмеген жағдайда жобалау-сметалық құжаттамаға түзету енгізу кезінде объектілердің құрылыс сметалық құны жобалық шешімдерді өзгертпей осы Тәртіптің ережелеріне сәйкес айқындалады.

Инвестициялар көлемдерін күнтізбелік жылдар бойынша бөлу жобалау-сметалық құжаттамаға түзету енгізуге (жобалауға тапсырма) берілетін тапсырмамен бірге тапсырыс беруші ұсынатын құрылыс жұмыстарының басталуы туралы мәліметтер негізінде орындалады. Негізгі және қосалқы ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын нормативтік ұзақтығын және құрылыс қоры нормаларын өзгертуге жол берілмейді.».

22 8.5.2-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Құрылыс салу жағдайларындағы баға қалыптастыру өзгертулеріне байланысты сметалық бөлімді қайта есептеу барысында құрылыс процесінде жобалау-сметалық құжаттамаға түзету енгізу кезінде қалған жұмыс көлемдерін күнтізбелік кезеңдер бойынша бөлу құрылыс ұйымын ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) «Құрылыс ұйымын жобалау» бөліміндегі күнтізбелік (нысандық) құрылыс жоспарына сәйкес қабылданады, онда негізгі және қосалқы ғимараттар мен құрылыстарды салу мерзімі мен кезектілігі, күрделі салымдар мен құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің бөлінуі айқындалады.».

23 8.5.2a-тармақпен толықтырылсын:

«8.5.2a Мердігерлік шарт жасалғаннан кейін құрылыс ресурстары құнының едәуір өсуі орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 655-бабы 3-тармағының талабына сәйкестікті айқындау үшін құрылыс сметалық құнының өзгерісі ( $ИС_{құр.}$ ) пайызбен (8.2) формуласына сәйкес анықталады:

$$ИС_{құр.} = \frac{C_{орынд} + C_{қалд}}{C_{жоба\ келт.}} \times 100\% \quad (8.2)$$

мұнда  $C_{орынд}$  – құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалған көлемдерінің сметалық құны, құрылыс кезеңдері бойынша бөлуді ескере отырып, мердігерлік шарт жасалған күндегі сметалық бағалар деңгейінде, мың теңге.  $C_{орынд}$  есептеу үшін бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадағы сметалық бағалар деңгейінде орындалған жұмыстар көлемдерінің сметалық құнына өткен кезеңдердің бағаларын ағымдағы сметалық бағаларға қайта есептеуге арналған құрылыс құны индекстері қолданылады. Құрылыс кезеңдері бойынша орындалған жұмыс құнын есептеу бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімдерін ескере отырып жүргізіледі;



$C_{қалд}$  – құрылыс кезеңдері бойынша бөлуді ескере отырып, мердігердің сметаны қайта қарау туралы өтініш жасаған күніндегі сметалық бағалар деңгейінде есептелген орындалмаған (қалған) жұмыстар көлемдерінің сметалық құны, мың теңге. Қалған жұмыстардың құнын құрылыс кезеңдері бойынша есептеу бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес құрылыс құны индекстері арқылы алдағы кезеңдер инвестициялары көлемін индекстеу жолымен жүргізіледі;

$C_{жоба\ келт.}$  – құрылыс кезеңдері бойынша бөлуді ескере отырып, мердігерлік шарт жасалған күндегі сметалық бағалар деңгейінде құрылыс сметалық құны, мың теңге.  $C_{жоба\ келт.}$  есептеу үшін бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадағы сметалық бағалар деңгейіндегі құрылыс сметалық құнына өткізілген кезеңдердің бағаларын ағымдағы сметалық бағаларға қайта есептеуге арналған құрылыс құны индекстері қолданылады, содан кейін 6.6-тармаққа сәйкес құрылыс кезеңдері бойынша болжамды құн есептеледі.

Құрылыс сметалық құнының өзгерісін  $IS_{құр.}$  айқындау үшін  $C_{орынд.}$ ,  $C_{қалд}$  және  $C_{жоба\ келт.}$  есептеулерінде 8.2.67-тармаққа сәйкес шығындар ескеріледі.».

24 8.5.3-тармақтан кейін келесі абзацпен толықтырылсын: «Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға объектінің конструктивтік сұлбасына, оның кеңістік-жоспарлау, инженерлік-техникалық немесе технологиялық жобалық шешімдеріне әсер етпейтін принципті емес сипаттағы өзгерістер енгізілген жағдайда енгізілетін өзгерістердің сметалық құны осы Тәртіптің ережелеріне сәйкес 6.5-тармаққа сәйкес құрылыс ресурстарының сметалық бағалар деңгейінде айқындалады.».

25 11.21-тармақ. «Қызметтердің» сөзі «Қызметтерге арналған» сөзімен ауыстырылсын.

26 12.45-тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Пусконаладқа жұмыстарға сметалық құжаттама жасау жөніндегі шығындар объектіні пайдалануға енгізуге арналған сводтық сметада (құрылысты жүргізу (игеру) аумағын дайындау және объектіні пайдалануға енгізуге арналған сводтық сметада) жеке жолмен ескеріледі.».



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР  
ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ**

**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
46-ШЫҒАРЫЛЫМ**

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
ВЫПУСК 46**

---

Дата введения 2025-12-01

**ИЗМЕНЕНИЯ**

**НДЦС РК 8.01-08-2022**

